

Жүсіпбек Аймауытовтың
педагогикаға қосқан
үлестері



Жүсіпбек Аймауытов
1889-1931


- ▶ Ж. Аймауытов ғалым, педагог. Қазақтың көрнекі жазушысы, қазақ әдебиетінің қалыптастырушылары ғалымдардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, «Қызыл Ту» қазіргі Ж. Аймауытұлы ауылы



- ▶ *"Екі заман шекарасында туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытов та бар. Жалпы көпшілік ұмыта бастаған, тек есімдері мен істері бірен-саран көзі ашық зиялылардың ғана есінде қалған тұста, олардың біртіндеп емес, топ-тобымен ел ортасына қайтып оралуы елі мен ерін бөлмейтін азаматтық ойы бар жандарды қалай тебірентпес!"*

▶ **Серік Қирабаев**

- ▶ Пед. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның пед., псих. және методика саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) т.б. бұл бағыттағы ғылымның бастауында тұрған ірі ғылыми еңбектер Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған.



1.2 Ж.Аймауытовтың педагогикалық психологияға арналған еңбектері.

1924 жылы мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарында оқытындарға арнап «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, Госиздат ,86 бет) атты кітабы шықты. Абай, Шәкәрім шығармаларында іргесі қаланған, қазақи педагогикалық психологияның ұғым-түсініктерінің арнайы тауын кескен, бұларды қазақ жұртына тұңғыш паш еткен осы еңбек. Кітаптың бірінші бөлімінде тәрбие негіздері, оның нақты мақсаты мен мүддесі, негізгі принциптері, бұларды жүзеге асырудың жай-жапсары, сондай-ақ, тәрбиенің ұлттық және әлеуметтік болатындығы, заман ағымына қарай, ол түрлі өзгерістерге түсіп отыратыны жан – жақты сөз болады.

Әр адамда болатын өзгеше қасиеттерді жіктеудің ең жабайы, қолайлы жолы сыртқы әсерлерге әрбір адам жанының қалай тебіренуін, қалай жаңғыруын бақылау. Айналадағы дүниеге адамның жаңғыруын яки серпілуін жан ағыны дейміз. Осы серпілудің айырмасы әр адамның өзгеше қасиеттерін көрсетеді.



2.2 Мінездің жіктелуіне байланысты мамандық таңдау

Адамдарды мінезіне қарай жіктеудің негізгі бір белгісі - олардың сыртқы дүниеге тез, яки созалаң серпілуі екен. Тез яки созалаң қайталаумен қатар, ол қайталаудың күші де еске алынады. Осы айтылған екі сипаттарды қосқанда бар адамдар негізгі төрт түрлі мінезді туғызады:

- 1) Қайталауы тез – күшті холерик.
- 2) Қайталауы тез – күшсіз сангвиник.
- 3) Қайталауы созалаң – күшті меланхолик.
- 4) Қайталауы созалааң – күшсіз флегматик.



Қорытынды

Ж.Аймауытұлының тәрбие-шарттары жөніндегі ой-пікірлерінің бүгін де мән мағынасын жоймағанын байқаймыз. Автор әрбір адамның туу қалыптасу, жетілуінде тәрбие шарттарының, атап айтқанда кісінің жаратылысына, үй іші, өскен орта, замандастары, туған жұртына, оның діні мен тіліне ерекше мән береді. Жасөскіннің жан дүниесінің қалыптасуы мен дамуында, іс-әрекеттерінде тәрбие – тәлімінің ықпалына жататын көптеген деректер талқыланды.

Назарларыңызға РАХМЕТ!!!